

№34 орта мектебі бойынша
Педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңес мүшелерінің біріктіріле өткізілген отырысының
№ 4 хаттамасы

2019 жылының 29 тамызында Ақтөбе қаласындағы №34 орта мектебінде педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңес мүшелерінің біріктірілген отырысы болып өтті

Қатысуға тиісті 61

Қатысқаны 60

Қатыспағаны 1

Күн тәртібінде:

3. Жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін ағылшын тілінде оқытуға арналған пилоттық жобаға ену туралы
4. Мектептегі қосымша ақылы пәндердің төлем ақысын өзгерту туралы
5. Мектеп асханасының ас мәзіріне өзгеріс енгізу туралы

Тыңдалыны

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Айзакова А.Ж жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін ағылшын тілінде оқытуға арналған пилоттық жобаға ену - заман талабы. Пәнді және тілді оқытудың кіріктірілген әдістері бойынша ағылшын тілі және пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мақсатында мектебіміздегі ағылшын тілі пәні мұғалімі Қарашолакова Ж.С және физика пәні мұғалімі Утебаева Б.Р, химия пәнінің мұғалімі Кубланова А.Ж мен информатика пәнінің мұғалімі Дәулетбай С.С CLIL технологиясы бойынша біліктілігін арттырып сертификаттарына ие болды. Былтырғы оқу жылында 8"А" класы физика пәнін ағылшын тілінде оқып шықты, биылғы оқу жылында жалғастырады және 8"А,Ә" кластары химия, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытуды бастайды. 8-9 класс оқушылары және олардың ата-аналары (заңды өкілдері) арасындағы дайындық жұмыстары жүргізілді. ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқуға ынтасын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Нәтижесі талданып, оқушылардың аталған пәнді үш тілде оқытуға тілек ниеттері бар екендігі анықталды.

Келесі сөз мектеп қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ш.Ж.Жонысоваға берілді. ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқыту мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Пилоттық жобаға көзқарастарын анықтау мақсатында оқушылардың ата-аналары арасында сауалнама/сұрақ – жауап алынды. 9 класс оқушыларының ата-аналары физика пәніне оң нәтижесін беріп, жақсы пікірлер айтып қолдау көрсетті. Нәтижесі сараланды. Ата –аналар ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқытуға өз келісімдерін берді.


Келесі сөз кезегін қамқоршылық кеңес мүшесі Г.Ермағанбетова сөз алды. Мектептегі ақылы пәндер бойынша оқушылардың және де ата-аналардың пікірлерін тыңдап, сабақтардың сапасы жоғары екендігіне көз жеткіздік. Былтырғы оқу жылында ақылы сабақтардың төлем ақысы 1200тг болатын, берілген оң пікірлерді ескере отырып 1500 тг өзгертуді жөн санаймын. Басқа оқу орындармен салыстырғанда біздің мектептің төлем ақысы қол жетімді, ата-аналардың қалтасы көтере алатындай төлем ақы екендігін айтқым келеді.

Сонымен қатар мектеп асханасын тесеру барысында бракеражды комиссия құрамы ҚББ-нен келген ас мәзірінің екінші аптасындағы сәрсенбі және бейсенбі күндерінің ас мәзірі қайталанып кеткендігін аңғарып оған акт жасаған болатын. Сол жасалған акт негізінде бейсенбі күнгі ас мәзірін жұма күнгі ас мәзірімен ауыстыруға өз ұсынысымды білдіргім келеді.


Төмендегідей шешім қабылданды


6. Мектеп жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін ағылшын тілінде оқытуға арналған пилоттық жобаға биылғы оқу жылында физика, химия, информатика пәндері ұсынылсын.
7. Мектептегі ақылы пәндердің төлем ақысы 1500теңгеге өзгертілсін.
8. ҚББ-нен келген ас мәзірінің екінші аптасындағы сәрсенбі және бейсенбі күндерінің ас мәзірі қайталанып кетуіне байланысты бейсенбі күнгі ас мәзірі жұма күнгі ас мәзірімен ауыстырылсын.


Қамқоршылық кеңесінің төрайымы


 Жонысова Шәрбат Жаугаштиевна


Қамқоршылық кеңес мүшесі


 Сагинтаева Калия Сагинтаевна


 Ермагамбетова Гулбану Куандыковна

 Құдайберген Орал Болатович

 Курамысов Адиль Сагидуллаевич

 Мурсалова Акмарал Амангалиевна

 Балышов Ұбынғаббас Бақытович

 Бегимбетова Меруерт Жалгыскановна

Штлевна

Ақтөбе қаласы
№34 орта мектебі бойынша

27.08.2019

Акт

Біз төмендегі қол қоюшылар:

1. Комиссия төрайымы – мектеп директоры А.Ж. Айзакова
2. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, ата-ана Г.Қ.Ермагамбетова
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева
4. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары З.Е.Мырзатаева
5. Мектеп медбикесі Б.Сәрсенғалиқызы
6. Ата-аналар төрайымы Ш.Ж.Жонысова
7. Әлеуметтік педагог Г.К.Азаматова
8. Мектеп бухгалтері Г.Х.Тулеева
9. Кәсіподақ төрайымы Г.М.Сатыбалдина

Қалалық білім бөлімі бекіткен аз қамтылған отбасы балаларын бюджеттен бөлінген қаржыға ыстық тамақпен қамтуға арналған екі апталық ас мәзірінің қайталанған тұсы анықталды. Екі апталық мәзірдің екінші аптасындағы сәрсенбі, бейсенбі күнгі ас мәзірінде өсімдік майымен қырыққабат салаты және палау қатар көрсетілген.

Ұсыныс: қамқоршылық кеңесіне қайталанып қатар көрсетілген ас мәзіріне өзгерту енгізу ұсынылсын

Қол қоюшылар

А.Ж. Айзакова- мектеп директоры А.Ж. Айзакова

Г.Қ.Ермагамбетова-қамқоршылық кеңесінің мүшесі Г.Қ.Ермагамбетова

Б.Р.Утебаева– директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева

Г.К.Азаматова – әлеуметтік педагог Г.К.Азаматова

З.Е.Мырзатаева-директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары З.Е.Мырзатаева

Б.Сәрсенғалиқызы - мектеп медбикесі Б.Сәрсенғалиқызы

Ш.Ж.Жонысова - ата-аналар төрайымы Ш.Ж.Жонысова

Г.Х.Тулеева- мектеп бухгалтері Г.Х.Тулеева

Г.М.Сатыбалдина- кәсіподақ төрайымы Г.М.Сатыбалдина